

Қазақстан-Ресей медициналық
университеті Терапиялық стоматология
кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Жергілікті жансыздандыруға арналған жаңа дәрі-дәрмектер. Құрамы, қасиеті. Клиникалық жағдайына қарай анестетиктерді таңдау.

Айнұр

Н.Т

Орындаған: Есхожаева

Қабылдаған: Байназарова

Алматы 2015 ж

Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Жергілікті жансыздандыруға түсінік
 - Жансыздандыруға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер
 - Жергілікті жансыздандыруға арналған дәрі-дәрмектер
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Ауру сезімі мен аурусыздандыру терапиялық стоматологияда ең актуальды мәселелердің бірі. Әрбір тірі организмге берілген нерв жүйесінің ұйымдастыру деңгейіне байланысты ауру сезімін қабылдау мен оған жауап беру әр түрлі.
- Ауру сезімінің қалыптасуына организмнің негізгі жүйесі барлық деңгейде, оның функциональды құрылымы қатысады. Бұл процесс осы уақытқа дейін толығымен зерттелмеген. Қазіргі көзқарас бойынша, «ауру сезім» организмді аса күшті тітіргендіргіштеден қорғайтын организмнің интегративті қызметі болып табылады.
- Организмнің жауап беру реакциясы неғұрлым тез болса, науқасқа алда тұрған манипуляция соғұрлым арушаң сияқты болады. Мұндай жағдайда әр түрлі тітіргендіргіштерге адекватты емес реакция дамиды. Сондықтан да стоматологиялық емдеу алдында психо-эмоциональды қорқыныш сезімдерін басу керек.

Негізгі бөлім

- Науқастың есі қалпында бола тұра, оның денесінің белгілі бір жерінде ауырғанды сездірмеуге бағытталған іс-шаралар жергілікті анестезия деп аталады.
- Жергілікті жансыздандыруда қолданылатын дәрі-дәрмектер, химиялық заттар, физикалық факторлар ауру сезімін тек қана уақытша жояды. Жергілікті аурусыздандыруға инъекциялық және аппликациялық анестезия, физикалық және физико-химиялық әдістер жатады.

Терапиялық стоматологиядағы жергілікті жансызсыздандыру көрсеткіштері:

- Тұтастығы бұзылған және бұзылмаған қатты ткандердің шектеулі гиперестезиясында
- Нерв жүйесінің функциональды бұзылуында, алдағы емдеуден қатты қорқу кезінде
- Асқынған кариестің барлық түрлерінде
- Ұлпасы алынған тістің желінуі мен тіс жарақаттарында
- Ауыз қуысы кілегей қабығы мен пародонт ауруларында қолданылатын хирургиялық манипуляцияларда (тіс тастарын алу, пародонтальды абсцесстерді ашу, II – III дәрежедегі қозғалғыш тістерді жұлу).

Жергілікті аурусыздандыруға қарсы көрсеткіштер:

- Науқасқа бұрын байқалған жергілікті анестетиктерге аллергиялық реакциясы.
- Жүрек-қан тамыр жетіспеушілігі
- Декомпенсация құбылысымен қоса жүретін бауыр мен бүйрек қызметтерінің бұзылуы (цирроз, нефрозо- нефрит)
- Орталық нерв жүйесінің органикалық аурулары (дебильдік, шизофрения, олигофрения және басқалары)
- Науқастардың жергілікті анестетик инъекциясынан бас тартуы. Жергілікті аурусыздандыру, егер алдын ала премедикация жүргізілмесе жүкті әйелдерге де қарсы көрсеткіш.

Заманауи жергілікті жансыздандыру препараттарының құрамдық бөліктеріне 4 топ жатады:

жергілікті жансыздандырғыштар

- Новокаин
- Лидокаин
- Тримекаин
- Прилокаин
- Мепивакаин
- Артикаин
- Бупивакаин
- Этидокаин

- *Консерванттар*
 - Парагидроксибензоат
- *Вазоканстрикторлар*
 - Адреналин
 - Норадреналин
 - Мезатон
 - Фелипрессин
- *Стабилизаторлар*
 - Калий және натрий сульфиті

- **Жергілікті жансыздандырғыштадың жіктелуі:**

- *Қысқа уақыт әсер ететіндер*

- Новокаин
- Артрикаин

- *Орташа уақыт әсер ететіндер*

- Лидокаин
- Тримекаин
- Мепивакаин
- Прилокаин
- *Ұзақ уақыт әсер тетіндер*
- Бупивакаин
- Этидокаин

- **Химиялық құрамына байланысты:**

- 1) Эфирлі
- Новокаин
- Дикаин
- Анестезин
- 2) амидты
- Лидокаин
- Тримекаин
- Пиромекаин
- Прилоаин
- Артрикаин
- Мепивакаин
- Бупивакаин
- Этидокаин

- **Новокаин (прокаин)** Ресейде кеңінен қолданылған, бірақ қазіргі таңда қолданылудан шеттеліп келе жатқан препарат. Бұл новокаиннің келесі кемшіліктеріне байланысты:
- Заманауи талапқа сай жергілікті жасыздандырғыштар ішінде новокаин аз эффективті болып табылады.
- Жергілікті жасыздандырғыштардың ішінде тамыр кеңейткіш әсері көбірек. Бұл өз кезегінде тамыр тарылтқыш препараттарды пайдалануды қажет етеді.
- Новокаин көп аллергиялық реакцияларды шақырады.
- Басқа жасыздандырғыштарға қарағандағы ең жағымды әсері токсикалық әсерінің аз болуы. Сондықтан новокаин әлдеде хирургиялық стоматологияда, жақ бет хирургиясында қолданылып келеді. Ал терапиялық стоматологияда новокаин сирек қолданылады.

- **Лидокаин (ксилокаин, лигнокаин)** новокаинге қарағанда эффективті препарат. Бұл дәрілік препарат аз аллергиялық реакция шақырады. Бірақ басқа препараттарға қарағанда аллергиялық реакцияны кәбірек шақырады. Одан басқа лидокаиннің кемшілігіне тамыр кеңейткіш әсері жатады. Сондықтан лидокаинді көп мөлшердегі адреналинмен қолданады. Мұндай адреналин мөлшері жүрек тамыр жүйесі аурулары бар, тиреотоксикозбен, қант диабетімен, глаукомамен ауыратын науқастарға қатерлі болып табылады. Адреналинсіз лидокаинді қолданғанда жансыздандыру 10-15 минутқа ғана созылады.

- **Тримекаин (мезокаин)** лидокаинмен ұқсас, салыстырғанда ұзақ және эффективті әсер көрсетеді. Кемшілігіне жергілікті реакциялардың пайда болуы болады. (инъекциядан кейінгі ауырсыну, ісіну, инфильтрат, іріңді некроздық ошақ, ауызды ашу қиындауы). бұл препарат қазіргі таңда мүлдем қолданылмайды.

- **Прилокаин** лидокаинмен салыстырғанда токсикалық әсері төмен, аз аллергиялы, аз активті болып табылады. ерекшелігі катехоламиндерсіз қолдана береді. Соған байланысты катехоламиндерге қарсы көрсеткіштерге байланысты қолданыла береді. Бірақ прилокаин Ресей базарларында мүлдем тәжірибе жүзінде қолданылады. Қарсы көрсеткіштеріне жүктілік, тума, иди патиялық метгемоглобинемия жатады.

- **Мепивакаин** лидокаинмен салыстырмалы эффективті, аз аллергиялық. Тамыр кеңейткіш әсерінің төмен болуымен ерекшеленеді. Тіпті тамыртартқыш эффектi бар деседі. Сондықтан оны тамыртартқыштарсыз ақ қолдануға болады және жүрек тамыр жүйесі, тиреотоксикоз, қант диабеті, глаукомада кеңінен қолданылады. Жпнсыздандыру ұқазтығы 20-40 минут.

- **Артикаин** жоғарғы эффективті заманауи жергілікті жансыздандырғыштардың бірі. Аз ғана тамыр кеңейткіш эффектке ие, сондықтан адреналинмен бірге қолданылады. Оның бір ерекшелігіне шығарылу кезінің аз болуы және плазма белоктарымен жоғары пайызда байланысуы, яғни препараттың токсикалық әсерінің төмен болуы. Артикаин енгізгеннен кейін жедел түрде әсер етеді. Осы қасиетіне байланысты артикаин қолданылуы кең болып отыр: терапияда, хирургияда, ортопедиялық араласуда.

- **Бупивакаин (маркаин) және Этидокаин (дуранест)** ұзақ әсер етуші препарат. Бұл препараттардың кемшілігі токсикалық әсерлі болуы және стоматологиялық араласудан кейін науқасқа дискомфорт туғызатын жұмсақ тіндердің парестезиясы. Адреналинмен бірге қолданылады.

Қорытынды

- Жансыздандыру мақсатында препаратты дұрыс таңдай білу өте маңызды, сонымен қатар науқастың барлық ерекше жағдайын анықтау да ерекше орын алады. Ондай ерекшелікті тек нақты анамнез жинау арқылы білеміз. Осындай әдістер арқылы ғана біз жансыздандырумен болатын асқынуларды алдын ала апламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- **Негізгі:**
- Базилян Э.А. Пропедевтическая стоматология: учебник. – М., 2008. – 768 с.
- Максимовский Ю.М. Фантомный курс терапевтической стоматологии (атлас) – М., 2005.
- Скорикина Л.А. Пропедевтика стоматологических заболеваний. - Ростов-на-Дону, 2002.
- **Қосымша:**
- Базилян Э.А. Практическое руководство по эндодонтии. – М., 2007.
- Пропедевтическая стоматология: учебник. Под ред. Э.А.Базиляна - М., Издательская группа «ГЭОТАР-Медиа», 2009.
- Терапевтическая стоматология: Учебник для студентов медицинских вузов.- Под ред. Боровского Е.В.– М. : «Медицинское информационное агентство», 2007.
- Николаев А.И., Цепов Л.М. Практическая терапевтическая стоматология.- М., «МЕДпресс-информ», 2007.